

Науқан ережелері
«Әр чекке 5 теңге» (бұдан әрі – Ережелер).

1. Науқанның атауы (бұдан әрі – Науқан)		«Әр сканерленген чекке 5 теңге»
2. Науқанды ұйымдастырушы туралы ақпарат	Атауы	ЖШС «ВИМ Диджитал»
	Заңды мекенжайы НМТН	ЖШС «ВИМ Диджитал» (010016, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2 БСН 220540022102)
	Науқанның электрондық поштасы	support@pgbonus.kz
Науқан Тапсырыс берушісі туралы ақпарат		ЖШС «Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн» , (БСН: 160640000220, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240-Г.)
Науқанның техникалық серіктестері туралы ақпарат		Sky Studio d.o.o. , Заңды мекенжайы: Жибертова көшесі 26, 1000 Любляна, Словения, Пошталық мекенжайы: Жибертова көшесі 26, 1000 Любляна, Словения, СТН: SI66897564, НМТН: 6436188000.
3. Науқанды өткізу мерзімі		3.1. Науқанның жалпы өткізу мерзімі: 23.05.2025 ж. бастап 30.06.2025 ж. дейін. 3.2. Сатып алуларды жасау және чектерді сканерлеу мерзімі: 23.05.2025 ж. бастап 30.06.2025 ж. дейін қоса алғанда. 3.3. Науқанға қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі (чектерді https://pgbonus.kz/kz/promos/5_tenge сайтында тіркеу): 23.05.2025 ж. (Алматы уақыты бойынша 00:00-ден бастап) 30.06.2025 ж. (Алматы уақыты бойынша 23:59-ға дейін) аралығында. 3.4. Кэшбэк есептеу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін қоса алғанда.
4. Науқан өткізу аумағы		4.1. Науқан Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.
5. Науқанға қатысушыларды Ережелер туралы хабардар ету тәртібі және әдісі		5.1. Науқанға қатысушыларды ақпараттандыру өткізудің барлық мерзімі бойы, ережелерді ғаламтор желісінде сайтқа орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
6. Науқанның жұлде қоры		6.1. Кэшбэк қорының жалпы көлемі 20 000 000,00 (жиырма миллион) теңгеден аспайды. 6.2. Қордың жалпы көлемі толығымен жұмсалған жағдайда, кэшбэк алу мүмкін болмайды. 6.3. Ұйымдастырушы кэшбэк қоры таусылған жағдайда науқан мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы. 6.4. Кэшбэк қорының аяқталуы науқанның автоматты түрде тоқтауына және кэшбэк есептелмеуіне әкеледі. Ұйымдастырушы қордың таусылғанынан кейін кэшбэк есептелмеуіне жауапты емес және қатысушыларды бұл туралы хабарлауға міндетті емес.

7. Науқанның шарттары	Науқанға қатысушы болу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет: 7.1. Осы Ереженің 3.2-тармағында көрсетілген кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кез келген тауарды сауда нүктесінен сатып алып, кассалық чекті сақтау қажет (бұдан әрі – «Чек»). Procter & Gamble брендтерінің өнімдері бар чектерді (5.1-тармағында көрсетілген) кэшбэк алғанға дейін сақтау ұсынылады. Аталған брендтердің тауарлары жоқ чектер де осы Науқанға қатысуға қабылданады, бірақ басқа кэшбэк бағдарламаларына қатыспайды. 7.2. https://pgbonus.kz/kz/promos/5_tenge сайтында келесі деректерді көрсетіп тіркелу қажет: – аты-жөні; – электрондық пошта мекенжайы; – ұялы телефон нөмірі (+7 XXX XXX XX XX); және келесі белгілерді қою қажет: – Науқанға қатысуға келісім; – Жарнамалық материалдарды алуға келісім; – Сайттың Шарттарымен және Құпиялылық саясатымен келісу; – Жеке деректерді өңдеуге келісім; – Qiwi-әмиян сервисінің шарттарымен танысу (https://static.qiwi.com/ru/doc/oferta-lk-kzt.pdf); – Кәмелет жасқа толғанын және Қазақстан Республикасының азаматы екенін растау. 7.3. Тіркелу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілген сілтеме арқылы электрондық поштаны растау. 7.4. Әрбір Чекті https://pgbonus.kz/kz/promos/5_tenge сайтында QR-кодты сканерлеу арқылы тіркеу, қажетті өрістерді толтыру және қатысу шарттарымен келісімді растау. Қатысуға 23.05.2025 ж. сағат 00:00-ден 30.06.2025 ж. сағат 23:59-ға дейін (Алматы уақыты бойынша) жасалған сатып алулардың чектері қабылданады. Чекті жүктеу — Науқанға қатысуға өтінім беру болып есептеледі. 7.5. Чек суретіне қойылатын талаптар: – файл келесі форматтардың бірінде болуы керек: PNG, JPEG, JPG, GIF, BMP. - файлдың өлшемі 10 МБ-тан аспауы тиіс; - сурет анық, оқуға ыңғайлы және тік бағытта болуы қажет; - суретте тек бір ғана чек болуы керек, бөгде заттар, шағылыстар мен көлеңкелер болмауы тиіс; - суретте келесі мәліметтер көрініп тұруы қажет: тауардың атауы (колданылса), сатып алу күні мен уақыты, сатып алу сомасы, тауардың атауы мен саны, сондай-ақ бірегей ККМ нөмірі (КГД коды). 7.6. Бір чек науқан өткізу кезеңінде тек бір рет қатысуға өтініш ретінде тіркеліп есептеледі. 7.7. 7.2 – 7.5 тармақтарында көрсетілген талаптарды орындаған Қатысушы әрбір дұрыс тіркелген кассалық чек үшін 5 (бес) теңге сыйақы алады, оның мазмұнына қарамастан. Тіркелген чек саны бойынша шектеу жоқ, тек тіркеуге қойылған барлық талаптар сақталуы тиіс. 7.8. Екінші және кейінгі чек тіркеу кезінде жеке деректерді қайта енгізу қажет емес. Чекті жүктеу Қатысушының https://consumer.oofd.kz ақпараттық сервисін пайдалануына және Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге және олар тартқан үшінші тұлғаларға фискалдық ақпаратқа қол жеткізуге келісімін білдіреді. 7.9. Барлық чек талаптарға сай екенін тексеру үшін науқан аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде модерацияланады. Ұйымдастырушы бейнесі оқылмайтын, зақымданған, жалған немесе талаптарға сай келмейтін чекті қабылдамауға құқылы. 7.10. Бірінші чектің тіркелуі Қатысушының ЖСН, телефон нөмірі және электрондық поштасы сияқты барлық жеке деректерін сайттағы жеке кабинетінде толтырғаннан кейін ғана аяқталған болып саналады. 7.11. Науқанға қатысу және сыйақы алу тек https://pgbonus.kz/kz сайтында алғаш рет тіркелетін пайдаланушыларға қолжетімді.
-----------------------	---

8. Қатысушының құқықтары	8.1. Науқан ережелерімен танысу. 8.2. Осы Ережелерде белгіленген тәртіппен Науқанға қатысуға және Ережелерге енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу. 8.3. Науқанды ұйымдастырушыдан ережелеріне сәйкес науқан туралы ақпарат алуды талап ету. 8.4. Науқанның барлық шарттарын орындаған жағдайда кэшбэктің аударылуын талап ету
9. Салық туралы ақпарат	9.1 Егер кэшбэк Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 321-бабына сәйкес, Қатысушының табысы ретінде танылса, Қатысушыға Техникалық серіктес тікелей Сыйақыларды беру кезінде салық агентінің функциясын орындайды, яғни кэшбэк сомаларынан жеке табыс салығын есептейді және төлейді.
10. Ұйымдастырушының құқықтары	Ұйымдастырушы құқылы: 10.1. 8 және 16-тармақтарда көрсетілген талаптарды орындамаған Қатысушыға кэшбэк беруден бас тартуға құқылы. 10.2. Ережелерді өзгертуге немесе Науқанды тоқтатуға құқылы, бұл туралы Қатысушыларды 6-тармақта көрсетілген тәртіппен хабардар етеді. 10.3. Егер Ұйымдастырушы Қатысушы ұсынған сатып алу деректерінің жалған немесе осы Ережелердің 7.1–7.4-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп күмәнданса, Қатысушыдан сатып алу фактісін растайтын қосымша ақпарат сұратуға құқылы. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Науқанға қатысуды жарамсыз деп тануға, Қатысушыны Науқанға қатыстырмауға, Ережелердің кез келген шарттарын бұзған немесе алаяқтық белгілері анықталған жағдайда әрекет етуге құқылы. 10.4. Ұйымдастырушы Науқанды өткізу кезінде байланыс арналарының техникалық ақаулары немесе қатысушының тіркеу кезінде https://pgbonus.kz/kz/promos/5_tenge сайтында дұрыс емес немесе өзекті емес байланыс деректерін көрсетуіне байланысты қатысушыдан қажетті ақпаратты алмау үшін жауапкершілік көтермейді. 10.5. Ұйымдастырушы қатысушының қателіктерінен туындаған кез келген салдарлар, соның ішінде (бірақ олармен шектелмей) қатысушының шығындары үшін жауап бермейді. 10.6. Науқанды ұйымдастырушы https://pgbonus.kz/kz/promos/5_tenge сайтындағы техникалық ақаулар мен Науқанды өткізу барысында туындаған сәйкес келеңсіздіктер үшін, егер олар Ұйымдастырушының кінәсінен болмаса, жауапкершілік көтермейді.
11. Ұйымдастырушының міндеттері	11.1. Ұйымдастырушы осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Науқанды өткізуге міндеттенеді.
12. Техникалық серіктестің құқықтары	12.1. Қатысушының осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру. 12.2. Сайтта көрсетілген тәсілдер арқылы бонустық баллдарды есептеу және кэшбэк төлемін жүзеге асыру. 12.3. Кассалық чекте көрсетілген ақпараттың осы Ережеде белгіленген талаптарға

	сәйкестігін міндетті түрде тексеру. 12.4. Қатысушы кәшбәк алған жағдайда оның табысы туындаған жағдайда жеке табыс салығын есептеу және ұстау бойынша салық агентінің функциясын орындау. 12.5. Техникалық серіктес науқанға қатысқан үшін бонустық баллдарды Касса чегі жүктелген сәттен бастап 10 (он) күн ішінде есептейді. Осы мерзім ішінде Техникалық серіктес Касса чегіндегі ақпараттың осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкестігін міндетті түрде тексереді. Мұндай тексеруді Науқан Ұйымдастырушысы мен Тапсырыс беруші де жүргізе алады. 12.6. Егер бонустық баллдар есептелмесе, Қатысушы Сайттағы қолдау қызметіне Касса чегі арқылы кері байланыс формасы арқылы немесе https://ru.pgbonus.club/help-page сілтемесі бойынша өтініш бере алады. Бұл өтініш Касса чегі жүктелген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірілмей, бірақ Науқанның аяқталу мерзімінен кешіктірілмей жіберілуі тиіс. 12.7. Техникалық серіктес Қатысушылар тізімінен шығарып, олардың мобильді телефон нөміріне немесе Сайтта көрсетілген басқа әдістермен кәшбәк аударуға құқығы бар: • 3.2 - 3.3 тармақтарында көрсетілген мерзімдерді бұза отырып, 8 тармақтағы әрекеттерді жасаған тұлғалар; • Сатып алу жасамаған және кассалық чектің иесі емес тұлғалар; • 8 тармаққа сәйкес қосымша сатып алу фактіні растайтын құжаттарды ұсынбаған тұлғалар; • Өнімді жеке пайдалану үшін емес сатып алған тұлғалар; • 7.4-7.5 тармақтарындағы талаптарға сай келмейтін кассалық чек тіркеген тұлғалар; • Уақытша электрондық пошта мекенжайы және/немесе уақытша телефон нөмірін (7 күннен аз мерзімге берілетін қызметтер) пайдаланған тұлғалар және олардың шақыруы бойынша тіркелгендер; • Осы Ереженің басқа да талаптарын бұзған тұлғалар. 12.8. Техникалық серіктес бонустық баллдарды есептеуден және кәшбәкті аударудан бас тартуға, сондай-ақ сатып алу фактісін қосымша растауды талап етуге құқылы (мұндай жағдайда қатысушы сұрау салынған сәттен бастап 2 (екі) күн ішінде растама ұсынуы тиіс), егер: • Кассалық чек науқанға қатысуға рұқсат етілмеген ұйымнан (сауда нүктесінен) берілген; • Кассалық чек қызмет түрлерінің коды бойынша бөлшек саудамен айналыспайтын ұйымнан (сауда нүктесінен) берілген; • Кассалық чекте сатып алынған тауардың нақты атауы және/немесе чекті тексеру үшін қажетті басқа ақпарат көрсетілмеген; • Қатысушының алаяқтық әрекеттер жасағанына күдік туындаған басқа жағдайларда. 12.9. Минимальная сумма зачисления денежных средств на номер мобильного телефона Участника 2500 (две тысячи пятьсот) тенге. 12.10. Қатысушыларды сәйкестендіру ұялы телефон нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастырушының қалауы бойынша ерекше жағдайларда Қатысушыға Сайтта ұялы телефон нөмірін және/немесе электрондық пошта мекенжайын өзгертуге рұқсат етіледі. Қатысушының тіркеу деректерін өзгерткен жағдайда, бұрын жинақталған бонустық ұпайлар Сайттағы жаңа аккаунт шотына аударылады. Бұл ретте, кәшбәк төлеу үшін (Қатысушының ұялы телефон нөміріне немесе Сайтта көзделген басқа тәсілмен) Қатысушыға 12.9-тармақта көрсетілген бонустық ұпайлар сомасын қосымша жинақтау қажет, ол жаңа Кассалық чектерді тіркеу арқылы жүзеге асырылады.
13.Техникалық Серіктестің міндеттері	13.1. Техникалық Серіктес осы Ережелерде белгіленген тәртіппен Науқанды өткізуге міндеттенеді.

14.Қосымша шарттар	14.1. Науқанға Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын, жетілген және толыққұқықты Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады. 14.2. Науқанға қатысу автоматты түрде Қатысушының осы Ережелермен танысып, келісім бергенін білдіреді. 14.3. Ұйымдастырушы Қатысушының толық емес, ескірген, жалған жеке деректерін ұсынуына байланысты өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапты емес. 14.4. Науқанға Ұйымдастырушының (ЖШС «ВИМ Диджитал»), Тапсырыс берушінің (ЖШС «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн») және Техникалық серіктестің (ЖШС «Брендлинк») қызметкерлері мен олардың байланысқан тұлғалары (олардың қызметкерлері), Науқанды дайындауға және өткізуге қатысатын ұйымдардың қызметкерлері және барлық аталған тұлғалардың отбасы мүшелері қатыса алмайды. 14.5. Осы Науқанды өткізу тәртібіне қатысты барлық шағымдар 2025 жылғы 30 маусымға дейін қаралады.
--------------------	---

15. Қатысушының жеке деректерін өңдеуге келісімі, Қатысушының жеке деректерінің тізімі, олардың өңделуі Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Науқанның Техникалық серіктестері тарапынан жүзеге асырылатын мақсаттары, жеке деректермен жасалатын әрекеттердің тізімі, жеке деректерді ашуға немесе беруге құқығы бар тұлғалар, егер трансшекаралық беріліс жүзеге асырылса, трансшекаралық беріліс туралы ақпарат, сондай-ақ Қатысушының жеке деректерін өңдеу мерзімі	15.1. Науқанға қатысу фактісі және https://pgbonus.kz/kz сайтында тіркелу немесе Қатысушының әлеуметтік желілер Meta Platforms, Inc. (“Facebook”, “Instagram”) және ByteDance Ltd. (“Tik Tok”) арқылы жеке деректері (аты, мобильді телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) көрсетілген Өтініш формасын жіберуі Қатысушының жеке деректерін Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Науқанның Техникалық серіктестері тарапынан Науқан шеңберінде және сыйлықтар беру мақсатында Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес өңдеуге келісімін білдіреді. Сонымен қатар, жеке деректер Ұйымдастырушы, Техникалық серіктестер және Тапсырыс беруші тарапынан статистикалық мақсатта және Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық ақпараттарды Қатысушы көрсеткен электрондық/пошталық мекенжайға немесе мобильді телефон нөміріне жіберу мақсатында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде және басқа коммуникациялық арналарда Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық хабарламаларды автоматты түрде топтастыру үшін пайдаланылады. Бұл мақсаттар Науқан шеңберінен тыс жүзеге асырылуы мүмкін. 15.2. Ұйымдастырушы және Тапсырыс беруші Науқанға қатысушылардың жеке деректерімен автоматтандыру құралдарын пайдаланып және/немесе пайдаланбай келесі әрекеттерді орындай алады: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қолжетімділік), жекешелендіру, блоктау, жою, жойып жіберу. 15.3. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Науқанның Техникалық серіктестері Қатысушылардың деректерін үшінші тұлғаларға, сыйлықтар мен өнімдерді жеткізу, ақпарат тарату және деректерді осы Ережелердің 15.1 тармағында көрсетілген мақсаттарға сәйкес өңдеу үшін келісімшарттық қатынастар бар тұлғаларға бере алады. Науқанға қатысу фактісі және Қатысушының жеке деректері (аты, мобильді телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) көрсетілген форма арқылы тіркелуі немесе жіберуі Қатысушының жеке деректерін Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге, Техникалық серіктестерге және үшінші тұлғаларға, соның ішінде Ресей Федерациясының аумағына ООО «Проктер энд Гэмбл Дистрибьюторская Компания» (ЖСН 7701639976), мекенжайы: Ресей, 125171, Мәскеу қ., Ленинградское шоссе, 16А, 2 ғимарат, ООО «Лайон Коммьюникейшнз» (ЖСН 7743068844), мекенжайы: 125040, Мәскеу қ., Беговой ауданы, Ленинградский проспект, 15-үй, 1 құрылым, 4-қабат, VI бөлме, 17 кабинет, Sky Studio d.o.o. (ЖСН/КПП: SI66897564, ОГРН: 6436188000), заңды мекенжайы: Жибертова көшесі 26, 1000 Любляна, Словения және ООО «ВИМ» (ЖСН 9705067931), мекенжайы: 105064, Мәскеу қ., Переулоч Сусальный Ниж., 5-үй, 4 құрылым, I бөлме, 16 кабинет, беруге келісімін білдіреді. Бұл деректер Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық ақпараттарды Қатысушы көрсеткен электрондық/пошталық мекенжайға немесе мобильді телефон нөміріне тарату, сондай-ақ әлеуметтік желілерде жарнамалық топтарды автоматты түрде қалыптастыру және жарнамалық хабарламаларды тарату мақсатында қолданылады. Жеке деректерді өңдеу/пайдалану келісімі Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші/Техникалық серіктестер үшін Науқан аяқталғаннан кейінгі 10 (он) жыл бойы әрекет етеді. 15.4. Қатысушы келісімді қайтарып алуы мүмкін: 15.4.1. Тапсырыс берушіден кез келген уақытта қайтару туралы жазбаша хабарламаны мына мекенжайға жіберу арқылы: Қазақстан, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240Г үй. Ұйымдастырушыдан кез келген уақытта қайтару туралы жазбаша хабарламаны мына мекенжайға жіберу арқылы: Қазақстан, Бостандық ауданы, Алматы қ., Жандосова көшесі, 60А үй, индекс 050060. Келісімді қайтару туралы хабарлама алған жағдайда, Науқанның ұйымдастырушысы және оның өкілдері Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және жеке деректерді хабарлама келген күннен бастап 10 (он)
---	---

	жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жояды. Сонымен бірге, егер Қатысушы келісімді Науқан өткізілу мерзімінде қайтарса, ол Науқан шеңберінде сыйлықтарды алуға құқықтан автоматты түрде айырылады, бұл туралы Ұйымдастырушыға хабарлама түскен күннен бастап қолданылады. 15.4.2. Тапсырыс берушіге кез келген уақытта телефон арқылы 8-800-080-50-52 нөміріне сұраныс жіберу немесе Тапсырыс берушіден Қатысушыға жіберілетін хаттарда көрсетілген тиісті сілтемеге өту арқылы қайтаруға болады. 15.4.3. Техникалық серіктеске кез келген уақытта support@pgbonus.kz электрондық поштасына хат жолдау арқылы қайтаруға болады. 15.5. Жеке деректер субъектісі ретінде Қатысушының құқықтары: - Өзінің жеке деректерінің операторлары болып табылатын Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Техникалық серіктестер туралы ақпарат алу құқығы; - Егер жеке деректер толық емес, ескірген, дұрыс емес, заңсыз алынған немесе өңдеу мақсаттарына сәйкес келмесе, онда жеке деректерін түзетуді, бұғаттауды немесе жоюды талап ету құқығы; - Өз құқықтарын қорғау үшін заңмен қарастырылған шараларды қабылдау құқығы; - ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен және осы Ережелермен көзделген өзге де құқықтар. 15.6. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Техникалық серіктестер Қатысушының толық емес, ескірген немесе дұрыс емес деректерін ұсынуына байланысты өз міндеттемелерін орындамау жауапкершілігін көтермейді. 15.7. Ұйымдастырушы науқанды кез келген жағдайда және кез келген уақытта өз еркімен тоқтату немесе аяқтау құқығына ие. 15.8. Алаяқтық тәуекелін болдырмау мақсатында Ұйымдастырушы Қатысушы көрсеткен электрондық поштаға электрондық хат жолдау арқылы Қатысушының тұлғасын анықтау үшін деректерді сұрауға құқылы.
--	--

